

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XLGW7771>

***Л. Ә. Ибраймова¹, Б. Молдағали², Ж. Н. Сүлейменова³**

^{1,3}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ШЕТЕЛ ТІЛІ РЕТІНДЕ ҮЙРЕТУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР ЖҮЙЕСІ

Мақала қазақ тілін шетел тілі ретінде үйретуде интернет-ресурстарды тиімді қолдану мәселесіне арналады. Мемлекеттік тілді шетелдік азаматтарға оқытып-үйрету жүйесінде қазіргі кезеңде білім алудың қайнар көзі болып отырған интернет-ресурстардың маңызы айқындалды. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен білім сапасын арттырудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияның (бұдан әрі – АКТ) құрамдас маңызды буындарының бірі интернет-ресурстар мазмұны сұрыпталып, олардың мақсат-міндеттері сараланды. Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа технологияларының бірі АКТ-ны, интернет-ресурстарды біртұтас әдістемелік құрал, жүйе ретінде мазмұндық-құрылымдық моделіне сипаттама жасалды.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында мемлекеттік тілді оқытып-үйретуге арналған Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Мемлекеттік тілді дамыту қоры», «Самұрық-қазына» АҚ тәрізді ірі орталықтардың платформалаы мен вебсайттары және бірқатар жеке авторлық веббағдарламалардың мазмұндық-құрылымы сипатталып, әдістемелік маңызды идеялары ұсынылды.

Қазіргі кезеңде цифрлық технологияның маңызының артуына байланысты интернет желісін тұтынушылар мобильдік Смарт-технологияларды тиімді қолдана отырып, өмір қажеттіліктерін өтеуге мүмкіндік алды. Осыған орай Google Market арқылы таратылатын мобильді қосымшалардың да түрлеріне талдау жасалды. Қазақ тілін үйренуге байланысты мобильдік қосымшалардың да мазмұны тілді оқытып-үйретудің тиімді құралдары ретіне қарастырылады.

Кілтті сөздер: мемлекеттік тіл, платформалар, вебсайттар, Google Market, ресурстар.

Кіріспе

Елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы: «Орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау» мақсатын көздеген [1]. Осыған орай қоғамның барлық салаларында инновациялық жүйе ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданудың маңызы артты.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы тілдерді оқытып-үйретудің жаңа әдістемелік мүмкіндіктерін ашты. Ақпараттық қоғамдағы білімнің қайнар көзі – интернет-ресурстар. Тіл үйренуде интернет-ресурстарын қолдану оқу материалдарын игерудің тиімділігін арттыруда тіл үйренушінің әрекетін тиімді үйлестіруші қызметі ретінде оңтайландырады, яғни өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытып, қажетті материалды жылдам игеруге көмектеседі, ынта-ықыласын, қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттырады. Тіл үйренуде интернет-ресурстарды қолдану мәдениетарлық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік беріп, қажетті ақпаратты өз бетінше зерттеп-зерделеп, талдап-сараптауына көмектеседі. Тіл үйренушінің жеке-дара ерекшеліктеріне, олардың өз қажеттіліктеріне орай қанағаттандыратын виртуалды білім алуына, өз траекториясын таңдауына мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістері

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытып-үйрету мәселесінде интернет-технологиясының тиімділігі бойынша ғылыми-теориялық, әдістемелік, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау, жинақталған материалдарды саралау, жүйелеу, топтау, жалпылау әдістері пайдаланылды. Аталған зерттеу тақырыбы бойынша мемлекеттік тілді оқытуда тиімді интернет-ресурстар ретінде дайындалып жатқан мобильді қосымшаның материалдары (бейнесабақтар) Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқитын шетелдік студенттерге оқыту үдерісінде қолданылып, нәтижелеріне сандық-сапалық талдаулар, салыстырмалы талдаулар жасалды. Сондай-ақ мемлекеттік тілді шетелдіктерге үйретуде қолданылатын тиімді интернет-ресурстар таңдалып, іріктеліп, мазмұндық-құрылымдық модельдеріне сипаттамалар берілді. Басқа мобильді

қосымшалардан жоба аясында дайындалып жатқан мобильді қосымшаның артықшылығы анықталды.

Тәжірибе жүргізу үшін «Қазақ тілін ұлттық бренд негізінде сандық ресурстар арқылы менгерту» жобасының аясында дайындалған бейнесабақтар шетелдік білім алушыларға көрсетілді. Бейнесабақтар айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылымға негізделіп жазылған. Бейнесабақтардың маңыздылығы – мемлекеттік тілді дамыту, ұлттық брендті насихаттау арқылы қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтарын таныту, лингвомәдениетарлық қатысымды дамыту, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту әдістемесінің сапасын арттырумен қатар, қазақ тілін үйренушілер үшін тиімді менгерудің жаңа әдістемелік мүмкіндіктерін ашады.

Бейнесабақтар мазмұнындағы лексикалық және грамматикалық тілдік бірліктер ұлттық бренд мазмұнын ашатын білім аясын қамтиды. Мұндағы мәтін, сұқбат, бейнекөріністер, жаттығу-тапсырмалар жүйесі тіл үйренушінің танымдық қызығушылығын тудырып, дұрыс сөйлеуге дағдыландырады.

Бейнесабақтар мазмұнын құрайтын тақырыптар мыналар: қазақтың атақты тұлғалары, ұлттық колөнері мен көрікті орындары, ұлттық тағамдары мен ұлттық ойындары. Бейнесабақтар тіл үйренушілердің лексикалық дағдыларын қалыптастырып қана қоймайды, қазақтың ұлттық танымдық болмысын, рухани-мәдени құндылықтарын танып-білуге, мәдениетарлық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқылымға, тыңдалымға арналған мәтіндердің мазмұны әр бөлімнің тақырыптарына сәйкес құрылған және жаттығу, тапсырмалармен толықтырылды.

Тіл үйренудің бастапқы деңгейінде қазақ тілінің бай лексикалық қорын түгел жаттап шығу мүмкін емес. Сондықтан оны тіл үйренушінің қатысымдық қажеттігіне қарай іріктей білу қажет. Ол сөздер күнделікті қажеттілікке сай қолданылатын тұрмыстық лексика және қызмет бабында қолданылатын кәсіби лексиканы қамтиды. Сондықтан тіл үйренушінің сөздігі әдеттегі екі тілдік сөздіктен айырмашылығы болуы тиіс, ол жиі қолданылатын сөздерден тұратын тақырыптық лексемалар мен жағдаяттық сөйлесімдерді қамтығаны жөн.

Сабақта меңгерілетін мәтін – 50 сөз көлемінде. Мәтінді бейнесабақты жүргізуші оқыған соң, тіл үйренушілер бейнесабақты қайта көріп, өз бетінше оқып, сөздікпен жұмыс істеп, толық түсінуіне мүмкіндік бар. Оқылым мәтіні бойынша жүргізілетін негізгі жұмыс түрі – мәтін бойынша сұрақтарға жауап іздеу, мәтінді мазмұндау, аудару, мәтіндегі негізгі тірек сөздермен жұмыс, т.б.

Бейнесабақты жүргізушінің жаңа сөздердің дұрыс айтылу үлгісін оқу тіл үйренушілердің қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, тез үйренуіне жағдай

жасайды. Сабақта тілде жиі қолданылатын тілдік форманың бірі – өткен шақ, соның ішінде жедел өткен шақ формасы. Аталған тілік көрсеткіштің оқылым мәтінінде, тыңдалым сұқбатында және бейнероликтің көрсетілемінде жиілігі маңызды рөл атқарады.

Нәтижелер және талқылау

Француз тілінен алынған «ressources» термині қайнар көз, құрал, қор деген мағынаны білдірсе, жоғарыда айтқанымыздай, ақпараттық кеңістікте интернет қоры үнемі толығып, жаңарып, мазмұны өзгеріп отырады.

В. М. Домненко мен М. В. Бурсов «Білім беру интернет-ресурстарын құру» атты («Создание образовательных интернет-ресурсов») еңбектерінде интернет-ресурсқа мынадай анықтама береді: «Интернет арқылы қолжетімді электронды түрдегі ақпараттық ресурстар интернет-ресурстары деп аталады. Интернет-ресурстарды тек мәтіндік құжаттар ғана емес, графикалық, дыбыстық, бейнеиллюстрациялар, сонымен қатар бағдарламалық модульдер деп түсіну керек» [2, 8 б.]. Зерттеушілер аталған еңбектерінде интернет-ресурстарды білім беру мақсатында қолданудың бірнеше түрлерін көрсетеді: «*Виртуалды сабақтар*», «*Интернет-презентация*», «*Электронды оқулықтар*», «*Арнайы оқыту бағдарламалары*», «*Виртуалды зертханалар жұмысы*», «*Виртуалды саяхаттар*», «*Тест формасындағы бақылау жұмыстары*», «*Виртуалды семинар* немесе кеңестер беру. Сонымен қатар олар интернет-ресурстардың мына түрлерін көрсетеді: «*Білім беру сайты*», «*Білім беру порталы*», «*Білім беру қоры*», «*Қаиықтықтан оқыту жүйесі*» [2, 8 б.].

С. Н. Исабаева өз еңбегінде құрылымдық ұйымның, қолжетімділік түрінің коммерциялық бағыттағы тұтастай белгіленген аудиториямен және өзара әрекеттестік секілді критерийлері бойынша *сайт* және *портал* түрлеріне топтайды [3, 42 б.]. Бұл екеуінің қызметі ұқсас.

Интернет-ресурстардың атқаратын қызметінің ерекшеліктерін төмендегідей мазмұнда анықтап көрсетуге болады: материалды іздестіріп табу жүйесінің икемділігі, жылдамдығы, қарқындылығы негізіндегі уақыттың үнемделуі; мол ақпаратқа қолжетімділік; аутенттік материалдардың молдығы, тұтынушының ақпараттық кеңістіктегі уақыт шектеуіне тәуелді болмауын қамтамасыз ету; кері байланыс мүмкіндігінің мол болуы; интербелсенділік сипатының басымдылығы; ақпараттың үздіксіз жаңарып отыру мүмкіндігі; тіл үйренушілердің оқу мотивтерін қалыптастыруға ықпал ететін жағымды ахуал жасау; тұтынушының өз бетінше, жеке дара жұмыс жасауына мүмкіндік жасалуы; тұлғаның әлеуметтенуіне қызмет ету, т.б. Интернет қорындағы ақпараттық деректер, білім беру платформалары мен сайттар, порталдар, яғни электронды-виртуалды кітапхана, электронды тестілер мен тапсырмалар, анықтамалық материалдар, онлайн сөздіктер,

интернет журналдар мен газеттер, вебтелеканалдар, бейнероликтер, т.б. – тілді үйренудегі қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Интернет-ресурстарды қолдану тіл үйренушіге өзіне қажетті лексикалық-грамматикалық минимумды меңгеруге, онлайн сөздіктермен аудармаларын жасауға, лексикалық бірліктерді грамматикалық бірліктермен байланыстырып, сөйлемде дұрыс қолдана білуге, мән-мәтінде дұрыс пайдалана білуіне, ақпараттық, тілдік-қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік береді. «Оқыту мен танымның пәрменді құралы - телекоммуникация» болса [4, 199 б.], оның негізінде ақпараттық құзыреттілік қалыптасады. Ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуы ақпараттық білім алу әрекеті ұғымымен тығыз байланысты. Аталған ұғым – білім алу мақсаттары мен міндеттерін шешуге бағытталған тіл үйретуші мен үйренуші арасындағы өзара қарым-қатынастың жаңа ақпараттық құралдар арқылы жүзеге асуын қамтамасыз ететін әрекет [5, 110 б.]. Оның мазмұнын құрайтындар: платформалар мен сайттарға тіркелу, іздеу, қор жинау, өңдеу, сақтау, сонымен қатар интерактивті диалог түрінде де қарым-қатынас жасау, автоматты түрдегі бақылау, онлайн негізіндегі тестілеу т.б.

Қазіргі заман талаптарына сай білім бетерін интернет-ресурстарының ауқымының кеңейіп, көлемінің артуы тілдік білім беру мазмұнын толықтыруға мүмкіндік береді. «Білім беруде желіде орналасқан ақпаратты қолдану екі сипатта: біріншіден, интернет-ресурстар ақпараттың өзегі ретінде көрінсе, екіншіден, ақпаратты алу құралы ретінде көрінеді. Осындай құралдарды білім беру мақсатында қолдану мынандай негізгі дидактикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді: 1) жалпы даму туралы және қызықтыратын оқу ақпаратын беру; 2) өзара қарым-қатынас құралдарымен қамтамасыз ету; 3) оқытудағы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану іскерлігін меңгеру тәсілімен қамту» [6, 177 б.].

Интернет желісіндегі қазақ тілін екінші немесе шетел тілі ретінде оқытып-үйретуге арналған интернет-ресурстар аз емес. Бұлардың негізін Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Мемлекеттік тілді дамыту қоры», «Самұрық-қазына» АҚ тәрізді ірі орталықтар құрса, бірқатарын жеке авторлық веббағдарламалар жүйесі құрайды [7; 8; 9]. Төменде мемлекеттік тілді үйретуге байланысты ұсынған бірқатар аталған жобалардың әдістемелік жүйесінің мазмұндық-құрылымдық моделімен таныстыру тіл үйренуші мен үйретуші үшін маңызы зор.

<https://tilqural.kz/> – сайтында мемлекеттік тілді оқытудың бес деңгейі А1, А2, В1, В2, С1 ұсынылған. Әр модуль 15-20 сабақ мазмұнымен

толықтырылған. Бейнефильмдер қазақша көркем аудармасымен және субтитірімен ұсынылған. Сондай-ақ, сөздік-суреттер аудио (дыбыстық) оқылымымен берілген. Аталған сайтта бес деңгейлік «Қазақ тілі» оқулықтары мен қажетті басқа да оқу құралдары, сөздіктер ұсынылған. <https://tilmedia.kz/> – сайтының «Оқы», «Тыңда», «Қара» айдарларында қазақ және әлем әдебиетінің (қазақша аудармалары) таңдаулы шығармаларын оқуға, тыңдап-түсінуге ұсынылған. Сайтта сонымен қатар сабақ үлгілері де орын алады. <https://abai.institute/> – мемлекеттік тілді үйренуде маңызды сайттардың бірі. Сайтта қазақша үйренуге байланысты бес деңгейлі А1 – Қарапайым деңгей, А2 – Базалық деңгей, В1– Орта деңгей, В2 – Ортадан жоғары деңгей, С1 – Жоғары деңгейге арналған сабақ үлгілерімен қатар, әр деңгей бойынша грамматика ережелері беріліп, бекітуге арналған жаттығулар жүйесі, сұқбат үлгілері, фразалар ұсынылады. Қазақша бейнероликтер мен сапалы аударылған әртүрлі мазмұндағы мультипликациялық фильмдер, қазақша айтылым субтитірімен ұсынылады. <https://emle.kz/> сайтынан емле ережелері, сөздер мен сөз тіркестерінің нормаланған нұсқалары, тыныс белгілер ережелерімен танысуға болады. «Әдеби тіл», «Орфография», «Пунктуация», «Аббревиатура» т.б. айдарларынан тіл үйренуші өзіне қажетті ақпаратты тауып, таңдай алады. «Тіл-Қазына» ғылыми-әдістемелік орталығының басқа да кең танылған, әр ғылым саласы бойынша электронды терминдер базасы қамтылған, терминологиялық атауларды қолдану тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін, терминдер сөздігі бар. <https://www.soyle.kz/> – «Мемлекеттік тілді дамыту қоры», «Самұрық-Қазына» АҚ және «Samsung Electronics» компаниясының қолдауымен құрылған мемлекеттік тілді оңтайлы үйретуге арналған сайт. Мұнда ұсынылған ресурстар тізбесі: алты деңгейлі (А1, А2, В1, В2, С1, С2) сабақ үлгілері; тақырыптық сөздік; грамматикалық анықтамалық; аудио (тыңдалым) мәтіндер; сөйлеуде жиі қолданылатын егістік сөздер; жиі қолданылатын фразалар үлгілері; тілді үйренушіге оңтайлы сөздік-карточкалар; бейнероликтер мен бейнефильмдер топтамасы; тестілік тапсырмалар, т.б. <https://kaz-tili.kz/> – «Казахский язык. Грамматика. Просто о сложном» – «Қазақ тілі» кешені ақын, қазақ тілін өз бетінше үйренген *Татьяна Валяева*ның әзірлеген авторлық сайты. Грамматикалық материалдар түсінуге ыңғайлы, жүйелі берілгенін ерекше атап өтуге болады.

Мемлекеттік тілді үйретуге арналған мобильдік қосымшалар.

Қазіргі кезеңде цифрлық технологияның маңызының артуына байланысты ақпараттық кеңістіктің ерекшелігі – барлық адамдардың қажеттілікке қолжетімділігі. Осыған орай Google Market арқылы таратылатын мобильді қосымшалардың да түрлері күннен күнге артып келеді. Бірқатар сайттардың мобильді қосымшалары жасалған. Смартфондарға арналған қосымшалар

көп және олар белгілі бір тұтынушылар тобына арналады. Ұялы құрылғылар ақпаратты тез табуға, өңдеп, талдауға, өзгертуге мүмкіндік береді, олармен жұмыс істеу өте қолайлы. Мобильді қосымшаларды жүктеген соң, қолданушы өз қалауымен тіркеледі және арнайы алгоритмдерді орындау арқылы онда жұмыс жасай алады. Қазақ тілін үйренуге байланысты төмендегідей мобильдік қосымшаларды көрсетуге болады:

«**Ситуативный казахский**» мобильді қосымшасы – 2018 жылы ұсынылған Қанат Тасибековтің «Ситуативті қазақ тілі» кітабының ресми электронды нұсқасы. 2020 жылы жасалған «**QazOnline – қазақ тілін үйренуге арналған қосымшасы**» – қазақ тілін қарапайым деңгейде үйренуге арналаған мобильдік нұсқа. Қосымшада қазақ тілін үйренуге арналған сабақтар, оқу ойындары, тестілер, жаттығулар, сурет-тапсырмалар, грамматикалық материалдар қамтылған. «**Ana Tili**» – 2018 жылы ұсынылған мобильді қосымша. Мұнда аудио-бейне материалдар, тіл үйренуге арналған сөйлеу үлгілері бар сөздік-карточкалар орын алған. Жаттығуға арналған тыңдалым материалдары, мақал-мәтел, нақыл сөздер, бата-тілектер, жазушылардың шығармаларынан үзінділер, сөз құрау, тыңдап, сөйлем құрау, грамматикалық жүйе қамтылған. «**Правила казахского языка**» мобильдік қосымшасында қазақ тілінен грамматикадан «50 ереже» берілген. Сонымен қатар 500 суретті сөздік, ребус, жұмбақтар, сурет-карточкалар ұсынылған. **Soyle – soyle.kz** порталының мобильді қосымшасы қазақ тілін үйретуге байланысты бес деңгейлік жүйеге құрылған. Сөйлеу әрекетінің түрлері оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған сабақтар мен жаттығулар жүйесі, сөздік, сұқбаттар мен бейнекөріністер мольнан қамтылған. «**Учить казахский для общения**» – мобильдік қосымшасы да қазақ тілін ақпараттық кеңістікте оқыту жүйесіне сұрақ-жауаптар мен тыңдалымға басымдық бере құрылған. Сондай ақ Play Market-тен «**Sauapp**», «**Қазақша кроссворд**», «**Сөздер – сөзді тап**», т.б. мобильдік қосымшалардың да мазмұны тілді оқытып-үйретудің тиімді құралдары ретіне қарастырылады.

Оқыту тәжірибе кезеңінде даяр әдістемелік жүйені қолдану барысында оқу материалын игеру сапасының пайыздық көрсеткішінің артқанын төмендегідей көрнекі көруге болады:

Кесте 1 – Оқу материалын игеру сапасының пайыздық көрсеткіші

Білім мазмұны	Оқу материалын игеру сапасы			
	ЭТ (28 студент)		Бақылау тобы (29 студент)	
	Семестр басы	Семестр аяғы	Семестр басы	Семестр аяғы
Ұлттық этикет	41 %	86 %	45 %	60 %
Қазақтың ұлттық дәстүрі	45 %	80 %	41 %	65 %

Кестеде көрсетілгендей, эксперимент тобындағы тыңдаушылардың семестр соңындағы нәтижелері – жоғары. Яғни бұл – мобильді қосымшаға даярланған бейнесабақтардың тиімділігінің дәлелі.

Кесте 2 – Қорытынды тапсырмаларды орындау деңгейі

Эксперименттік тәжірибеде этномәдени материалдарды игеру деңгейі	Топтар индексі	
	ЭТ-%	БТ-%
Амандасу әдебі	85	69
Қазақ халқының ұлы тұлғалары	86	70
Қазақстандағы ірі қалалар	82	70
Қазақтың ұлттық қолөнері	89	68
Ұлттық ойындар	87	71
Ұлттық тағамдар	84	69
Ұлттық қолөнер	81	75
Салт-дәстүр	90	72

Кестеде келтірілген оқыту нәтижелері эксперимент тобындағы тыңдаушылардың тілді игеру құзыреттіліктерінің қалыптасуы деңгейлерінің жоғарылағанын көрсетеді.

Эксперимент нәтижелері тыңдаушылардың қазақ тілін үйрену барысында оқу материалдарының елтанымдық бағытта болуының тиімділігін дәлелдеді. Экспериментінің нәтижелері бойынша төмендегідей тұжырымдар жасауға болады: 1) тіл үйренушілерге берілетін білім мазмұнының этномәдени материалдармен жаңартылуы мәдениаралық қатысымдық құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпалын тигізді, тұрақты танымдық уәжін қалыптастырды; 2) оқытуды ұйымдастырудың формалары, соның ішінде онлайн оқыту, бейне-аудио материалдарын, әлеуметтік желілерді қолданудың тиімді екендігі дәлелденді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР БҒМ БҒСБК 2021–2023 ж. мемлекеттік грантымен қаржыландырылған АР09259496 «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі ғылым мен білімнің, әлемдік білім кеңістігінің интеграция заманында мемлекеттік тілді үйретуге арналған сұрыпталған салалық интернет-ресурстар каталогі, вебсайттар, электронды әдістемелік құралдар – ақпараттық кеңістікте тіл үйренушінің мол мүмкіндіктерді тиімді қолдануына жағдай жасайды.

Қашықтан білім беруде алдын ала түсірілген бейнефильмдерді қолданудың тиімділігі айқындалды. Оның бірнеше пайдалы тұстарын санамалап өтсек: біріншіден, бейнефильмдердегі сұқбатты бірнеше адамның оқуы үйренуші үшін қабылдауына жеңілдік туғызады, бұл сұқбатшылардың сөйлеген сөздерін бір-бірінен ажыратып, толық түсінуде маңызы зор. Екіншіден, білім «сінімді» болады. Өйткені кез келген уақытта сабақты қайталап көре алады. Үшіншіден – қолжетімді. Пандемия жағдайында білім алушы сабаққа келе алмаса, өз бетімен тілді меңгере береді.

Қоғам дамуында тілдік білім берудің жаңа технологиялық, инновациялық әдістемелік маңызын арттырып, мемлекеттік тілді екінші немесе шетел тілі ретінде оқыту жүйесінде интернет-ресурстар, олардың мзмұндық-құрылымдық моделін танып-біліп, онда жұмыс істей білу тәрізді ақпараттық дағдыларды меңгеру өзекті. Сондықтан тіл үйренуші үшін мемлекеттік тілді оқытуға арналған интернет-ресурстар мен мобильдік қосымшаларды қолданудың әдістемелік жүйесін анықтауда интернет-ресурстар каталогін әзірлеп, әрбіреуінің мазмұны мен құрылымын зерделеудің маңызы зор.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы / [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/history>.

2 **Домненко, В. М., Бурсов, М. В.** Создание образовательных интернет-ресурсов : Учебное пособие [Текст] . – СПб. : ГИТМО (ТУ), 2002. – 104 с.

3 **Исабаева, С. Н.** Әлемдік ақпараттық білім беру ресурстары : Оқу құралы [Мәтін]. – Алматы, 2015. – 156 б.

4 Педагогический энциклопедический словарь [Текст] / Гл. ред. Б. М. Бим-Бад; редкол. : М. М. Безруких, В. А. Болотов, Л. С. Глебова [и др]. – М., 2003. – 528 с.

5 **Полат, Е. С.** Новые педагогические и информационные технологии в системе образования : учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров [Текст]. – М. : Издательский центр «Академия», 2002. – 272 с.

6 **Бидайбеков, Е. Ы.** Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері : оқулық [Мәтін]. – Алматы, 2014. – 352 б.

7 Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы [Электронды ресурс]. – <https://tilqazyna.kz/>

8 Мемлекеттік тілді дамыту қоры [Электронды ресурс]. – <https://www.qazaq-found.kz/kaz/>

9 «Самұрық-қазына» АҚ / [Электронды ресурс]. – <https://www.sk.kz/>
10 <https://kitap.kz/about/> / [Электронды ресурс].

REFERENCES

1 «Sifrlıq Qazaqstan» memleketтік baǵdarlamasy Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniń 2017 jylǵy 12 jeltoqsandaǵy № 827 qaulysy [The state program «Digital Kazakhstan». Resolution by Government of the Republic of Kazakhstan No. 827 of December 12, 2017] / [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/history>

2 **Domnenko, V. M., Bursov, M. V.** Sozdanie obrazovatelnyh internet-resursov : Uchebnoe posobie [Creation of educational Internet resources: Textbook] [Text]. – SPb. : GITMO (TU), 2002. – 104 p.

3 **İsabaeva, S. N.** Älemdik aqparattyq bilim beru resurstary : Oqu qūraly [World information educational resources : Textbook] [Text] – Almaty, 2015. – 156 p.

4 Pedagogicheski ensiklopedicheski slovār [Pedagogical encyclopedic dictionary] [Text]. / Gl. red. B. M. Bim-Bad; Redkol. : M. M. Bezrukih, V. A. Bolotov, L. S. Glebova [i dr]. – M., 2003. – 528 p.

5 **Polat, E. S.** Novye pedagogicheskie i informacionnye tehnologii v sistemeobrazovania : Ucheb. posobie dlä stud. ped. vuzov i sistemy povyš. kvalif. ped. kadrov [New pedagogical and information technologies in the system of education : Textbook for ped. universities students and higher ed. systems qualified. ped. cadres] [Text]. – Moscow : İzdatelski sentr «Akademia», 2002. – 272 p.

6 **Bidaibekov, E. Y.** Bilımdı aqparattandyru jäne oqytu mäseleleri : Oqulyq [Problems of informatization and teaching of knowledge : Textbook] [Text]. – Almaty, 2014. – 352 p.

7 Şaisūltan Şai Ahmetov atyndaǵy «Til-Qazyna» ũlttyq ğylymi-praktikalıyq ortalyǵy komersialyq emes aksionerlik qoǵamy [Non-profit joint-stock company «National Scientific and Practical Center «Til-Kazyna» named after Shaisultan Shayakhmetov] [Electronic resource]. – <https://tilqazyna.kz/>

8 Memleketтік tildi damytu qory [State Language Development Fund] [Electronic resource]. – <https://www.qazaq-found.kz/kaz/>

9 «Samūryq-qazyna» AQ [Samruk-Kazyna JSC] [Electronic resource]. – <https://www.sk.kz/>

10 <https://kitap.kz/about/> <https://kitap.kz/about/> / [Electronic resource]

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

*Л. А. Ибраймова¹, Б. Молдағали², Ж. Н. Сулейменова³

^{1,3}Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

СИСТЕМА ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ, ИСПОЛЬЗУЕМАЯ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОМУ ЯЗЫКУ КАК ИНОСТРАННОМУ

Статья посвящена эффективному использованию интернет-ресурсов в обучении казахскому языку как иностранному. Выявлено значение интернет-ресурсов, которые в настоящее время являются источником образования в системе обучения иностранцев государственному языку. Выделено содержание интернет-ресурсов, одного из важнейших компонентов информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в повышении качества научно-методической литературы и образования, и дифференцированы их цели и задачи. Одной из новых технологий обучения государственному языку является описание содержательно-структурной модели ИКТ, интернет-ресурсов как единого методического инструмента, системы.

В ходе исследования были задействованы платформы и сайты крупных центров обучения государственному языку, таких как Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Шайсултана Шаяхметова, Фонд развития государственного языка, АО «Самрук-Қазына» и ряд др. Описана содержательная структура отдельных авторских веб-программ, представлены методологически важные идеи.

В настоящее время, в связи с возрастающим значением цифровых технологий, у пользователей сети Интернет появилась возможность удовлетворения жизненных потребностей за счет эффективного использования мобильных смарт-технологий. В связи с этим также был проведен анализ типов мобильных приложений, распространяемых через Google Market. В связи с изучением казахского языка контент мобильных приложений также рассматривается как эффективный инструмент для изучения языка.

Ключевые слова: государственный язык, платформы, сайты, Google Market, ресурсы.

*L. A. Ibrahimova¹, B. Moldagali², Zh. N. Suleimenova³

^{1,3}Kazakh National Women's Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 13.06.22.

INTERNET RESOURCE SYSTEM USED FOR TEACHING THE STATE LANGUAGE AS A FOREIGN

The article is devoted to the effective use of Internet resources in teaching Kazakh as a foreign language. The importance of Internet resources, which are currently a source of education in the system of teaching foreigners the state language, is revealed. The content of Internet resources, one of the most important components of information and communication technologies (ICT) in improving the quality of scientific and methodological literature and education is highlighted, and their goals and objectives are differentiated. One of the new technologies for teaching the state language is the description of the content-structural model of ICT, Internet resources as a single methodological tool, system.

The study involved platforms and websites of large centres for teaching the state language, such as the National Scientific and Practical Center «Til-Kazyna» named after Shaysultan Shayakhmetov, the Fund for the Development of the State Language, JSC «Samruk-Kazyna» and a number of others. In the content structure of individual author's web programs, methodologically important ideas are presented.

At present, due to the growing importance of digital technologies, Internet users have the opportunity to meet their vital needs through the effective use of mobile smart technologies. In this regard, an analysis was also made of the types of mobile applications distributed through the Google Market. In connection with the study of the Kazakh language content of mobile applications is also considered as an effective tool for learning the language.

Keywords: state language, platforms, websites, Google Market, resources.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Мб RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz